

Құрметті Сейітсұлтан Сүлейменұлы!

Құрметті отырысқа қатысушылар!

2-слайд

Мемлекет басшысының (2012 жылғы № 476-5 ПАБ) тапсырмасына сәйкес ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі «Инновациялық технологиялар паркі» инновациялық кластері туралы және оған ілеспе заң жобаларын әзірледі, Осы заң жобалары «Инновациялық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймағының айрықша мәртебесін айқындайды.

3-слайд

Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі осы заң жобаларын әзірлеу барысында инновациялық кластерлерді дамыту саласындағы халықаралық тәжірибені және бірқатар сәтті экономикалық аймақтардың Силикон долиναςы (Silicon Valley) және «*Research Triangle N. Carolina*» АҚШ, «*Жоғары технологиялар паркі*» (Беларусь) «Сколково» Ресей, «*София-Антиполис*» Франция, «*Daedeok Innpolis*» Оңтүстік Корея тәжірибесін зерделеді.

Бұдан басқа, «*Назарбаев университеті*» Заң, «Сколково» инновациялық орталығы туралы» Ресей Федерациясының Заңы, «*Беларусиядағы жоғары технологиялар паркі туралы*» Заң, Daedeok дамытудың арнайы зерттеу аймағын қолдау бойынша Заң (Оңтүстік Корея) зерделенді.

4-слайд

Заң жобаларының негізгі сәттері:

Бірінші:

«Инновациялық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймағының қатысушыларына Қазақстан Республикасының арнайы экономикалық аймақтар туралы қолданыстағы заңнамасына сәйкес салықтық және кедендік преференциялар беріледі.

дербес кластерлік қор, инновациялық кластер, инновациялық кластер қатысушысы сияқты ұғымдар енгізілді.

Екінші: Осылайша, инновациялық кластерді басқарудың жаңа ұйымдастырушылық-құқықтық нысаны көзделді:

(1) дербес кластерлік қор – инновациялық кластердің атқарушы органы.

Заң жобасына сүйене отырып дербес кластерлік қор Инновациялық технологиялар паркінің басқарушы органы болып табылатын коммерциялық емес ұйымды білдіреді, ол қызметті жүргізу кезінде дербестікке ие (Назарбаев Университетіне ұқсас); қатысушыларды (олардың жобаларын) қолдау үшін қаржы құралдарына ие; рұқсат алусыз шетел жұмысшыларын тарту құқығына ие.

5-слайд

инновациялық кластер – индустриялық-инновациялық қызметті ынталандыруға арналған ғылыми ұйымдар, білім ұйымдар, акционерлік инвестициялық қорлар және басқа заңды және жеке тұлғалардың бірлестігі;

инновациялық кластер қатысушысы – арнайы экономикалық аймақтар туралы заңнамаға сәйкес қатысушы мәртебесін алған, «ИТП» АЭА қатысушысы, сондай-ақ дербес кластерлік қордың

ұсынысы бойынша Инновациялық кластердің Қамқоршылық кеңесінің мақұлданған заңды тұлғалар болып табылады.

Қамқоршылық кеңеспен мақұлданған инновациялық кластер қатысушысының жобалары Нысаналы қордың қаражаты есебінен қаржыландыруға жатады.

6-слайд

Инновациялық кластерді басқару құрылымы:

(1) Қамқоршылық кеңесті Мемлекет басшысы басқарады, оның негізгі міндеттеріне:

- дербес кластерлік қордың даму стратегиясының міндеттерін айқындау;
- бизнес, кәсіпкерлік қауымдастықтар мен одақтар өкілдерінің шоғырлануы;
- инновациялық кластер қатысушыларының тізімін бекіту;
- қаржыландыруы Қор қаражаты есебінен іске асырылатын қатысушылардың жобаларын анықтау кіреді.

(2) ҚР Премьер-Министрінің төрағалығымен Басқарушы комитет (құрамына: құрылтайшы өкілдері, ғылыми және педагогикалық қызметкерлер, қоғамдық бірлестіктердің өкілдері, сондай-ақ өзге тұлғалар) міндеттері:

- ведомствоаралық өзара іс-қимылды реттейді;
- Қордың тиімді дамуы жөніндегі шешімдер қабылдайды;
- Қордың бюджеттік-қаржылық саясатын бекітеді және басқалары.

7-слайд

Үшінші: Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес заң жобасында:

► жалпы жылдық табыстың кемінде 1% мөлшерінде жер қойнауын пайдаланушы компаниялар;

- ▶ ерікті мүлiктік жарналар мен қайырмалдықтар;
- ▶ тауарларды, жұмыстарды, көрсетiлетiн қызметтердi өткiзуден түсетiн түсiмдер (табыстар);
- ▶ акциялар, облигацияларжәнесалымдар (депозиттер) бойыншаалынатындивидендтер (табыстар, сыйақылар, (мүдделер)) есебiненНысаналы қорды құру көзделедi.

8-слайд

Осы заң жобасы Қаржы, Экономика және бюджеттік жоспарлау, Білім және ғылым, Көлік және коммуникациялар, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, Мұнай және газ, Сыртқы істер, Өңірлік даму министрліктері, Қазақстан Республикасының Бәсекелестік қорғау агенттігі және мүдделі қоғам ұйымдарымен келісілді.Құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама жүргізілді.

Заң жобасымен Азаматтық, Жер, Салық кодекстеріне, «Коммерциялық емес ұйымдар туралы», «Халықты жұмыспен қамту туралы», «Акционерлік қоғамдар туралы», «Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы», «Индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы» ҚР Заңдарына өзгерістер енгізілуде.

Осылайша, ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Заң жобасында ұсынылған нормалар инновациялық кластердің сәтті дамуы үшін эко жүйені қалыптастыруға мүмкіндік береді деп есептейді. Өзінің тәжірибесін жастарға бере отырып, үздік мамандар мен компаниялар тығыз ынтымақтастықта жұмыс істейтін Білім – Ғылым – Инновациялар - Іске асыру тізбегін құруға мүмкіндік береді.

Назарыңызға рахмет.